

9 шілде 2024



Меншікті бағалы қағаздардармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

Алматы, Қазақстан - «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2024 жылғы 30 сәуірде жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («Бағдарлама») Қоғамның жай акцияларына («Акциялар») қатысты құқықтарды қуәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («ҒДҚ») төменде көрсетілген санын Citigroup Global Markets Limited арқылы 2024 жылдың 2 және 8 шілде аралығында (бұдан әрі – «есеп беру кезеңі») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде күн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржасы	Акцияларды бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (тенге)	ҒДҚ-ның бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
02.07.2024	LSE	-	7,91	-	970	7 672,70
03.07.2024	LSE	-	7,95	-	1 057	8 403,15
04.07.2024	LSE	-	7,87	-	1 416	11 143,92
05.07.2024	LSE	-	7,73	-	1 300	10 049,00
08.07.2024	LSE	-	7,56	-	311	2 351,16
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезеңінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				- Акция	5 054 ғәміл (20 216 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын)	39 619,93 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				808 037 Акция	122 867 ғәміл (491 468 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын)	2 665 677,70 АҚШ долл.

* Акцияларды сатып алу мәмілелер белгінде, тиісті мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Бағдарлама шеңберінде Citigroup Global Markets Limited жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат төмендегі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8dc9fd8e1fe3d32/detailed-information-kz-02-07-08-07.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикцияғы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үлестес тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары ездерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да үәкілетті тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүгіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банктеге, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындай тұлғаға жүгінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін ir.airastana.com сайтына кіріңіз немесе төменде телефондарға хабарласыңыз:

Air Astana

Инвесторлармен байланыстар
жөнінідегі қызмет
investor.relations@airastana.com

Air Astana

Корпоративтік коммуникациялар
жөніндегі департамент
media@airastana.com

Instinctif Partners

airastana@instinctif.com

Қоғам туралы

«Эйр Астана» АҚ Тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылды алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылды құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 54 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қызыл Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жұк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жүлдізды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).